



**Медицина ғылымдарының докторы,
оториноларингология кафедрасының профессоры А.С.Күлімбетовтің
«Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулығына
ПІКІР**

Балалардың қауіпсіздігі, әрі денсаулығы қамтамасыз етілген болашағы үшін олардың амандығы, қорғалуы және дамуы бойынша көрініс тапқан бұл оқулық «Балалардағы құлақ аурулары» атты, мемлекеттік тілде жазылып, мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай типтік оқу бағдарламасына негізделіп жазылған. Көп деңгейлі кәсіби білім беру құрылымын ескеріп, жоғары медициналық білім беру оқу орындарының студенттері мен дипломнан кейінгі білім алушы дәрігерлер мен жалпы профилді, әсіресе бала дәрігерлеріне арналып жазылған.

Оториноларингология – негізінен хирургиялық пән болып саналады, сондықтан да оқулықта осы мамандықты меңгеруге негіз болып саналатын құлақтың клиникалық анатомиясымен қатар, олардың аурулары және асқынулары туралы жазылған. Қазіргі кезеңдегі жаңа хирургиялық емдеу әдістері, фармакологиялық дәрі-дәрмектер, заманға сай технологияларды қолдану қарастырылған, сонымен қатар, антибиотикотерапия туралы ұсыныстар берілген.

«Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулықта балаларда жиі кездесетін құлақ ауруларының алдын алу, диагностикасы, емдеу, соның ішінде хирургиялық емдеу мәселелері, олардың асқынулары кең көлемде қамтылған.

Оқулықта әр бөлімде мәліметтер ретімен беріліп, ал жазылу мәнерінде жалпылама терминдердің қолданылуы, мазмұнын қабылдауды жеңілдететіні айқын байқалады.

Оқулық бүгінгі таңдағы бірден-бір өзекті мәселеге арналған, сол себептен оны жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, дәрігер-оториноларингологтар мен жалпы тәжірибелік дәрігерлердің қолдануларына ұсынуға болады. Сондықтан жоғарыда айтылғандар негізінде, А.С.Күлімбетовтің «Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулығын баспаға ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

Медицина ғылымдарының докторы,

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық
медицина университетінің балалар
стоматология кафедрасының профессоры**



Ермұханова Г.Т.